

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	
	Пр 017-11.05-2025 30.04.2025 г.	
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1 из 4

**ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ Ғылыми
кеңесінің шешімімен бекітілді**
«___» _____ 2025 жыл
Хаттама № ____

**6В02165 - «БАЛЕТМЕЙСТЕРЛІК ӨНЕР»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ТАЛАПкерлеріне қойылатын талаптар**

Алматы, 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.05-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 2 из 4

Құрастырушылар:

1. Габбасова Г.Н. – «Балетмейстерлік өнер» кафедрасының доценті, «Хореография» факультетінің деканы.
2. Молдахметова А.Т. – «Балетмейстерлік өнер» кафедрасының меңгерушісі, доцент философия ғылымдарының докторы (PhD).

«Балетмейстерлік өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

«10» сәуір, 2024 жыл, № 9, хаттама

1.«Балетмейстерлік өнер» кафедрасының меңгерушісі _____ Молдахметова А.Т.

Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінде мақұлданған.

Төраға _____ Ким Л.В.

« 18 »_сәуір_, 2025 жыл, № 4 хаттама

КЕЛІСІЛДІ:

«Хореография»

факультетінің деканы _____ Габбасова Г.Н.

«11» сәуір, 2025 жыл, № 9, хаттама

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.05-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 3 из 4

«БАЛЕТМЕЙСТЕРЛІК ӨНЕР»

Түсем деуші талапкердің міндетті түрде хореографиялық білімі болу керек, хореография училищесі, өнер мектебі, балет студиясы, мәдениет колледжі, жалпы білімі және интеллектуалды деңгейі жоғары болуы қажет, балет тарихы, театр және әдебиет саласында білімі болуы қажет. Шығармашылық қиял мен музыкалық-ой өріс бағаланылады.

Шығармашылық емтихандар:

1 емтихан:

Орындаушылық шеберігі

- классикалық би – станок тұсындағы және ортадағы экзерсис, аллегро,
- халық-сахналық биі - станок тұсындағы және ортадағы экзерсис, би этюдi;
- қазақ биі - би этюдi;

2 емтихан:

Балетмейстер өнері бойынша практикалық жұмыс:

- талапкердің өзінің шығаруындағы 1 жеке классикалық, неоклассикалық немесе модерн биі, халық-сахналық биі немесе қазақ биі лексикасындағы шығармашылық қойылым;
- 1 массалық нөмір (кемінде 3 орындаушы);
- талапкер ұсынған хореографиялық композицияның аннотациясы (жазбаша түрде);
- берілген музыкалық тақырып бойынша би композициясын шығару (хореографиялық импровизация);

Коллоквиум: Хореографиялық өнер мен білім тарихы, музыка, театр, әдебиет т.б.

Коллоквиум

Хореография өнерінің және білімінің, музыка театр, т.б. тарихы

Қойылатын талаптар:

Орындаушылық өнері:

Талапкер кәсіби мүмкіншіліктерге ие болып, станок тұсындағы және ортадағы экзерсисті білу керек. Ол практикалық демонстрацияда классикалық, халық-сахналық, қазақ билерінің негізгі қимылдарын әдістемелік тұрғыда дұрыс және сауатты орындау, музыкалық материал бойынша қимылдарды орындау, музыкалық метрді, ырғақ пен өлшемді анықтау дағдыларын көрсете білу керек. Қабылдау емтиханы кезінде талапкердің дене бітіміне, сондай-ақ кәсіби шеберлік деңгейі мен көркемдік талғамына баға беріледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.05-2025
		30.04.2025 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 4 из 4

Балетмейстер өнері бойынша практикалық жұмыс:

Өзіндік композицияның хореографиялық шығармаларын көрсетуде барысында шығармашылық қабілеті, бейнелі ойлау, музыкалық қабілеті ескеріледі. Либретто хореографиялық шығарманың тұжырымдамасына сәйкес болуы керек. Импровизацияда музыкалық көру және оның хореографиялық пластикадағы бейнеленуі бағаланады.

Коллоквиум:

Үміткер өзінің интеллектуалдық деңгейін көрсетуі керек: мәдени дүниетанымын, эрудициясын, сауатты сөйлеуін. Дүниежүзілік мәдениет, өнер, театр және әдебиет тарихы, хореографиялық өнер саласында: би түрлері және олардың сипаттамалары бойынша білімі болуы керек.

Халықтық, классикалық, тарихи және тұрмыстық, заманауи бал биі ұғымдарға анықтама бере алу. Көрнекті хореографтар мен оқытушылардың еңбектерін білу. Хореографиялық топ жетекшісінің қызметі туралы білу: ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, балетмейстерлік. Музыкалық сауаттылық негіздері бойынша білімдерін көрсету және көрнекті композиторлардың шығармашылығы туралы түсінікке ие болу.

Коллоквиум тақырыптарының тізімі:

1. Хореографиялық өнердегі хореографтың рөлі.
2. Режиссер-хореограф мамандығы және оның маңызы.
3. Романтизм дәуірінің балеттері.
4. «Жизель» балет романтизмінің шыңы ретінде.
5. Мариус Петипаның шығармашылығы.
6. П.И. Чайковскийдің балеттері.
7. С. Дягилевтің «Орыс мезгілдері».
8. М.Фокин - балет өнерінің реформаторы.
9. С.Прокофьевтің музыкасына балет.
10. Юрий Григоровичтің балеттері.
11. Кеңес дәуірінің хореографтары.
12. Қазақстанның хореографиялық өнерінің көрнекті орындаушылары.
13. Қазақстанның көрнекті хореографтары.
14. Дәурен Абировтың шығармашылығы.
15. Заурбек Райбаевтың балеттері.
16. Шара Жиенкулованың шығармашылығы.
17. Булат Аюхановтың шығармашылығы.
18. Балетмейстер Минтай Тлеубаевтың шығармашылығы.
19. Қазақстан хореографтарының балетіндегі ұлттық тақырып.
20. Қазақстанның кәсіби балет труппалары.